

Тақырыбы: Педагогикалық басқару ұстанымдары

Орындаған: Нұрлыбаева А.
Жақсымбаева А.

Тексерген: Абдикаримова А.



1

- Кіріспе



2

- Анри Файоль



3

- Педагогикалық басқару жүйесі



4

- Басқару принциптері



5

- Қорытынды
-

Кіріспе

- Басқарудың әкімшілік мектебі пайда болуынан бастап мамандар ұйымды басқару тәсілдерін жетілдіруді үнемі іздестіруде болады.
 - Бұл мектептің авторлары үлкен бизнес саласында басқарудың жоғарғы деңгейінде бас-шы болып көп еңбек тәжірибесін өздері жинаған жандар.
 - Мәселен, Анри Файоль – осы мектептің негізін қалаған, оны менеджменттің атасы деп те атаған.
-

Анри Файоль

✓ Анри Файоль (1841-1925ж.ж) мамандығы бойынша тау инженері болды.

✓ Ол бар ғұмырын “Камомбо” атты француздық таулы-металлургиялық синдикат компаниясында жұмыс атқарды. Алғашында инженер болды, кейіннен басқармада қызмет етті.



Анри Файоль - тау инженері, теоретик және менеджмент практигі, басқарудың классикалық мектебінің негізін қалаушы

✓ 1886-1918 ж.ж аралығында синдикат директоры қызметін атқарды.

Классикалық (1920-1950) әкімшілік мектеп

(«ғылыми менеджерлеу мектебі») кез келген ұйымды басқаруға принциптерін әзірлеуге ұмтылды.

А.Файольдің еңбегі



Файольдің басты еңбегі – 1916 жылы жазылған және СССР-да (1923ж) А.К. Гастевтің алғы сөзімен қайта шығарылған "Общая и промышленная администрация" кітабы. Ол өзінің "Общая и промышленная администрация" атты негізгі еңбегінде әкімшілік қызметін талдаудың жалпы тәсілдемесін жасауға талпынды. Оның пікірі бойынша, әкімшілік өзіне мына функцияларды құрамақ: өндірістік, коммерциялық, қаржылық, кредиттік, есептік-бухгалтерлік, әкімшілік.



Басқару қағидаларына анықталған, тұрақтандырылған басқару заңдылықтары жатады. Менеджмент және мектепшілік басқарудың негізгі заңдылықтары, ол оқу-тәрбие жұмыстарын басқару, реттеу, сапасын қадағалау. Мектепшілік менеджменттің заңдылықтарына талдау, мақсатқа жету, басқарудағы еркіндік және мұғалімдердің түрлі басқару жұмыстарына дайын болуы жатады.



Ал негізгі қағидаларына мыналар жатады: педагогикалық жүйені басқарудың еркіндігі; басқарудағы жүйелілік және орталықтандыру; бірігушілік және ұжымның оң қарым-қатынасы; педагогикалық жүйені басқаруды ақпараттың толықтылығы мен шынайылығы.



Педагогикалық жүйені басқаруды тек ықпал етумен ғана шектеп қоюға болмайды, мұнда ұйымдастырушылық, бірігіп басқару және өзін өзі басқара білуде маңызды рөл атқарады.

Басқару функциялары



1. Жоспарлау

2. Ұйымдастыру

3. Басшылық ету

4. Координациялау

5. Бақылау

4. Дара басшылық бойынша басқарудың 14 негізгі принциптері:

- 5. Бірлесу
- 6. Бағындыру
- 7. Қызметшілерге ақы төлеу
- 8. Бір орталыққа бағындыру
- 9. Қызмет иерархиясы
- 10. Әділеттілік
- 11. Қызмет тәртібі
- 12. Инициатива
- 13. Корпоративтік рух
- 14. Ретке келу



Заманауи менеджменттегі басқарудың классикалық мектебі (әлемдік басқару ғылымының негізі)

- басқаруды функциялардың байланыс процессі ретінде қарастыру;
- басқарудың негізгі принциптерін мазмұндау;
- “жұмысшы менеджменті” концепциясын құрастыру.

- ***Дара басшылық принципі*** – жұмыске өзінің тікелей бастығынан ғана жарлық алып, соны орындауға тиіс. Іс бірлігі – Әр адамның ісі белгілі бір бағытқа жұмылдырылуы қажет. Әр топ, ұйым бір мақсатты орындау жолында бірігіп, бір жоспармен жұмыс атқаруы керек.
 - Көпшілік мүддесіне жеке адамның немесе жеке топтың мүддесіне кәсіпорын мүддесінен жоғары болмауы керек. Сондай-ақ от басының мүддесі оның әр мүшесінен жоғары болады.
 - ***Қызметшілерге ақы төлеу*** – Атқарылған жұмысқа ақы төлеу әділетті болуға тиіс және бар мүмкіндігінше ол қызметкерді кәсіпорынды, жалдап алушыны және жалданушыны да қанағаттандыруға тиіс. Қызметкерлерге ақы төлеу олардың әрқайсысының қосқан еңбек үлесіне сәйкес келуі шарт.
 - ***Бір орталыққа бағындыру*** – Бұл жалпы табиғи қажеттілік. Әрбір элементтік ұйым бір орталыққа бағынып жарлықпен кәсіпорынның әр құрылымы жұмыс істеуге тиісті. Бір орталыққа бағыну принципі жалпы еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған.
-

- **Қызмет иерархиясы** – Бұл ең төменгі деңгейден бастап, ең жоғарғы деңгейге дейін басқару қызметінің орны. Мұның негізгі принципі төменгі қызметтегі бастықтар өзінен жоғарғы бастықтарға бағынуы керек. Оның жарлығымен жұмыс істейді.
 - **Ретке келтіру (реттеп ұстау)** – Әр адам өз орнында болуы керек. Белгілі бір орың әр адамға белгіленеді. Әр адамды реттеп ұстау, бәрінің де өз орнында ретте болуы деген сөз.
 - **Әділеттік** – Шынындығын айту, әділетті болуы, заңдылыққа сүйену басшыларға тән принциптердің бірі. Бұл рақымшылықтың және адамгершіліктің жиынтығы деп деп айтуға да болады.
-

- **Қызметшілердің тұрақты жұмыс істеуі** — Бұл ұйым жұмысының тиімділігіне әсер ететін фактор. Сондықтан да бастықтар жұмыс күшінің тұрақсыздығымен күресе білуі керек. Ол үшін әр адамның жұмыс орнына, еңбек етуіне, өмір сүруіне мүмкіндігінше жағдай жасап, оның қажетін қанағаттандыру басты міндет болып табылады.
 - **Инициативалық** — әдетте бұл ұғымды жоспар жасап, оны жүзеге асыра білуді айтамыз.
 - **Бірлесу** — қызметкерлердің бірлесіп атқарған ісі әрқашанда жемісті болады. Бір одаққа бірігу – бұл үлкен күш. Сондықтан да бірлесу принципінің маңызы аса зор.
-

Қорытынды

- ❖ Анри Файоль менеджмент тарихында “менеджмент атасы” болып табылады. Оның жұмыстарының жан-жақтылығы ерекше назар аудартады.
- ❖ Файоль “менеджмент және әкімшіліктендіру ғылыми тұрғыдан зерттелуі керек” деген Тейлордың ойын дамытты.
- ❖ Анри Файоль (1841-1925) практикалық тәжірибені жинақтау негізінде мынадай қортындыға келді: “басқару-кәсіпорынның мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, оны белгілі бір мақсатта жетелеу”.
- ❖ Ол сондай-ақ, мемлекеттік басқару ісін ғылыми жолымен ұйымдастырудың принциптерін қолдану мүмкін екендігіне алғаш рет ой жүгіртті.